

Жылқыларды мүшелеу

Орындаған:Түзел Ұ.Б

Тобы:ТПП-17к2

Жоспар

- 1 Жылқылардың жынысы. Жылқыларды сою.
- 2 Жылқылардың жыныс мінездемесі. Джабе, алтайлық, новоалтайлық, буряттікі.
- 3 Жылқыларды мүшелеу.



Artistic Signature

Жылқылардың жынысы.

Жылқыларды сою.

- Қазба қалдықтары жылқының б.з.б. 7000 ж. бұрын-ақ Азия Қазба қалдықтары жылқының б.з.б. 7000 ж. бұрын-ақ Азия мен Еуропада Қазба қалдықтары жылқының б.з.б. 7000 ж. бұрын-ақ Азия мен Еуропада қолға үйретілгендігін дәлелдейді. Жылқы тұқымдасы есек Қазба қалдықтары жылқының б.з.б. 7000 ж. бұрын-ақ Азия мен Еуропада қолға үйретілгендігін дәлелдейді. Жылқы тұқымдасы есек, құлан Қазба қалдықтары жылқының б.з.б. 7000 ж. бұрын-ақ Азия мен Еуропада қолға үйретілгендігін дәлелдейді. Жылқы тұқымдасы есек, құлан, зебр Қазба қалдықтары жылқының б.з.б. 7000 ж. бұрын-ақ Азия мен Еуропада қолға үйретілгендігін дәлелдейді. Жылқы тұқымдасы есек, құлан, зебр, жабайы жылқы болып 4 туысқа бөлінеді. Үй жылқысы жабайы жылқыға жатады, одан басқа оған керқұлан Қазба қалдықтары жылқының б.з.б. 7000 ж. бұрын-ақ Азия мен Еуропада қолға үйретілгендігін дәлелдейді. Жылқы тұқымдасы есек, құлан, зебр, жабайы жылқы болып 4 туысқа бөлінеді. Үй жылқысы жабайы жылқыға жатады, одан басқа оған керқұлан (немесе Пржевальский жылқысы) және қазір жойылып қеткен Тарпан Қазба қалдықтары жылқының б.з.б. 7000 ж. бұрын-ақ Азия мен Еуропада қолға

- Жылқы төлдерін былай бөледі:
- құлын (биенің жас төлі),
- жабағы (6 айдан асқан құлын),
- тай (1 жастан асқаны) деп атайды.
- Ал бұдан әрі ұрғашы жылқыны яғни байталды:
- құнажын байтал (2 жастан асқаны),
- дөнежін шығар (3 жастағы байтал),
- дөнежін байтал (3 жастан асқаны),
- бесті бие (4 жастан асқаны),
- қасабалы бие (7 – 8 жастағы бие),
- кәртамыс бие (11 – 14 жастағы бие),
- жасаған бие (20 жастан асқан бие), т.б. атайды.

- Піштірілмеген еркек жылқының яғни айғырдың атаулары:
- құнан айғыр (2 жастан асқаны),
- дөнен айғыр (3 жастағысы),
- сәурік айғыр (3 – 4 жастағы үйірге салынбағаны),
- бесті айғыр (5 жастағысы),
- сақа айғыр (11 – 12 жастағысы), т.б.

- Қазақта соғым сою дәстүрі ежелден бері қалыптасқан. Соғым – қысқа қамдану кезінде сойылған мал. Соғымға дайындалған малды арнайы жем-шөп беріп, тоғайтып баптайды. Дала төсін мекендеген халқымыз жылқы, түйе, сиыр малдарын соғым ретінде сойған. Көбінесе қыстық соғымға дайындалған мал семіргенше, күздік малды соятын болған. Күздік малға шағындау, тана, тай-құлынды жатқызған. Қыстық соғымға жылқы малын әзірлеген абзал. Жылқы қыста адамның күш-қуатын арттырып, суықтан қорғайды. Сонымен қатар дәмді, әрі бойға сіңімді болады. Жемге бордақыланған соғым малын суық түскенде, нақтырақ айтсақ, желтоқсанның аяғы мен қаңтардың басында сояды. Күннің жылы шағында сойылған малдың еті тез бұзылады.

- Соғымға арналған мал бауыздалып болған соң, жанының толық шыққаны күтіліп, алқымы жуылады. Қанынан тазартылып, мойнының астындағы жаңғырығы алынып, аяғындағы арқан шешіледі. Сонан соң арнайы төселген орынға малды алып барып, терісін іреп сояды. Соғымға арық мал сойылмайды, қоңды, семізін союға болады. Бабаларымыз жылқы қазысына қарап, олардың арық не семіз екенін бірден байқаған. Қазыға қарап оны «бармақ», «шынтақ», «екі елі», «төрт елі», «бес елі», «сере» деп, «пышақ сырты қыртысы бар» немесе «жылт етпе» деп өлшейтін болған. Бұрынырақта қасапшыға жұмысының өтемі ретінде үй иелері бір-бір асым еттен беріп отырған. Соғым сойған үйде өкпе, бауыр, етінен қуырдақ қуырылады. Ол қуырдақтан көрші-қолаң, туыс-жарандар дәм татады. Олар «соғым сүйген болсын!» деп ақжарма тілектерін айтады.




Жылқылардың мінездемесі

- Жылқының басы созылған арықтау келеді, көздері үлкен өткір, танаулары кең, сүйір құлақтары ширақ қимылды. Үлкен не орташа көлемді. Жалы ұзын салбыраған, мойны ұзын бұлшық етті, денесі жұмырланған болады; құйрығы түбінен басталатын ұзын қылдардан тұрады; түсі әр-алуан келеді. Аяқтары биік сымбатты, жуандығы орташа болады. 1-ші және 5-ші саусағы мүлдем болмайды. Дамыған ортаңғы саусақтың басын ғана қаптайды. Асқазаны қарапайым болады, өт қабы жоқ бүйені қатты дамыған. Жылқы жануары ақылды, сезу есту қабілеттері жақсы. Дамыған, көруі иіс сезуіде жақсы.

Жылқыларды мүшелеу

- ▣ **Басы.** Жылқының басы етті және етсіз, ашаң немесе ауыр және жеңіл болып екіге бөлінеді. Басы етсіз (жеңіл) жылқының қан тамырлары жақсы білініп тұрады да, ондай жылқылардың көзі үлкен, танауы кең, құлағы қайшыланып тұрады. Осының бәрі жылқы денесінің ширақ, күшті әрі төзімді екендігін көрсетеді.
- ▣ **Мойыны:** Жылқының мойыны: ұзын, қысқа және орташа болып үшке бөлінеді. Салт мінетін және желіс аттардың мойыны ұзын, әрі икемді болғаны, ал ауыр жүк тартқыш аттардың мойнының ұзындығы орташа, жалпақ, бұлшық етті болғаны дұрыс.

- **Шоқтығы:** Шоқтықтың негізі - білікті ұзын сербегі бар төс сүйегі. Шоқтық бұлшық етті, биік және кең келсе жақсы болады. Қушиған немесе шошқа шоқтық жарамсыз, өйткені ондай шоқтықты жылқының арқасы мен иығының бұлшық еттері нашар жетіледі.
- **Арқасы:** Кеуденің шоқтықтан бастап белге дейінгі үстіңгі бөлігін арқа деп атайды. Жылқыны бүйірінен қарағанда арқаның ұзындығы (қысқа, орташа, ұзын) және сырт көрінісі (түзу, бүкір, қайқы, орташа, ұзын) анықталады. Жылқының арқасы түзу болғаны жақсы. Ал енді арқасы бүкір, жұмсақ не салыңқы келсе, жылқының қай тұқымы болмасын, бұл оның кемшілігі болып табылады.
- **Белі.** Кеңдеу келіп, сауырға жалғасып кеткен бел жылқының барлық тұқымына жақсы сипатталады. Ал белі босаң, бұлшық еті нашар жетілген жылқының сауыры мен белінің жалғасатын жері ойыс болып келеді. Бұл жылқы экстерьерінің кемшілігі болып саналады.



Милық (көкпбасар)

Жалкөлік

Сағалдырық

Кеңсірік

Ер

Жүген

Жақ (жақтау)

Алдыңғы қысы

Артқы қысы

Пыстан (тартпа)

Қасқалық

Тоға (айырғыш тоға)

Салтыншақ үзбелер

Құйысқан

Сулық

Үзбе

Шылбыр

Топық

Қаптал

Тоқым

Өмілдірік

Таралғы

Қанжыға

Үзеңгілік

Төс айыл

Шал айыл

Үзеңі

Айылдар

- ▣ **Сауыр.** Мұның негізі – жамбас пен құйымшақ сүйегі. Сауыр кең, ұзын, етті болуға тиіс. Салт мінетін аттардың сауыры түзулеу, дөңгелек болғаны жақсы. Ал сауыры шатырша, салыңқы болса, ол кемшілікке жатады.
- ▣ **Кеуде.** Кеуденің кеңдігі қабырғаның ұзындығына байланысты. Қабырғасы неғұрлым иілген болса, кеуде соғұрлым кең болады. Ауыр жүк тартқыш жылқылардың кеудесі кең келеді.
- ▣ **Иық.** Иықтың негізі – жауырын мен тоқпан жілік. Иықтың аласа-биік болуы жауырынның ұзындығына және еңкіштігіне байланысты. Салт мінетін және желіс аттардың жауырыны қиғаштау және ұзын болады. Мұндай жылқылар ұшқыр келеді.

- ▣ **Шап.** Жылқының ең соңғы бұғана қабырғасынан сербекке дейінгісі шап. Оны үлкен және кіші деп екіге бөледі. Салт мінетін аттардың шабы өте кең келеді және ұзын болмайды. Жегілетін аттардың шабы ұзын болғаны дұрыс.
- ▣ **Алдыңғы аяқтары.** Алдыңғы аяқтар шынтақ буыны, алдыңғы сан, алдыңғы тізе, жіліншік, тұсаулық, бақай, құндыздық, тұяқ болады. Аяқтары кең, тізе сүйектері тиіспей тұрған жылқы бағалы саналады, ондайлардың аяғы алшақ та, маймақ та болмайды. Мұндай аяқтар омыраулы жылқыларда болады.
- ▣ **Артқы аяқтары.** Артқы аяқтарда сан, шынтақ буын, тілерсек буыны, артқы жіліншік, бақай, құндыздық және тұяқ болады.

Қорытынды

- Қазақтар жүйрік аттарды тұлпар , сәйгүлік арғымақ деген.
- Көшпелілердің, соның ішінде қазақтар 4 түлік малдың ішінде жылқыны көне заманнан бастап өсіргені тарихтан белгілі. Оның үстіне жылқы малы көшіп – қонуға ыңғайлы , мініске төзімді, өз аяғынан жайылады, күтімді көп тілемейді. Еті дәмді, сүті шипалы. Қазақ 4 түліктің ішінде бірінші жылқыны байлыққа санаған. Ол ұшқыр арманның, самғаған таң ғашайып жасампаздың қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі болып табылады.
- Жылқы – малдың патшасы дей отырып, осы өлең шумақтарымен аяқтағым келіп отыр.

• Назарларыңызға
Рахмет!

